# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

| | |
|---|---|
| **Пән:** | **Фармакотерапия** |
| **Пән коды:** | **FT – 4302** |
| **БББ атауы:** | **6В10106 «Фармация»** |
| **Оқу сағаты/кредит көлемі:** | **120 (4 кредит)** |
| **Оқу курсы пен семестрі:** | **4/7** |
| **Білім алушылардың өзіндік жұмысы:** | **68** |

**Шымкент, 2024-2025 оқу жылы**

skma.edu.kz

Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар "Фармакотерапия" жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

**Хаттама № 11 « 10 » 06 2024ж.**

**Кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор м.а.** Тоқсанбаева Ж.С.

**1. Тақырыбы:№1**

Қабылдай алушылықты, тиімділікті, бір-бірімен әсерлесуді бағалау үшін стационар жағдайында дәрілік препараттардың апробацияларының әртүрлі формаларын жүргізу. Сапалы практика ережелері (GCP) бойынша жаңа дәрілерді клиникалық сынамалау-дың ұстанымдары. Жаңа медикаменттерді құру және қолдануға бақылау және тіркеу жүргізуде ҚР ДС фармакологиялық және фармакопеялық комитеттердің орны. Фармакопеялық мақала, уақытша фармакопеялық мақала, препараттарға нормативті – техникалық құжат. Клиника алды, арнайы фармакологиялық белсенділік, токсикология, канцерогендік, мутагендік, аллергендік. Қиыстырылған фармакотерапияның мәселелері. Фармацевтінің ақпараттық және кеңестік қызметі.

**2. Мақсаты:** Фармакодинамика, фармакокинетика, фармакогенетика, фармако-экономика туралы білімдерін ескере отырып, тиімді және қауіпсіз дәрілерді таңдау әдістеріне, дәрілердің өзара әсерлесуін, жағымсыз дәрілік реакцияларды дәлелді медицинаны қолдана отырып үйрету.

**3.Тапсырма.**

1. Қабылдай алушылықты, тиімділікті, бір-бірімен әсерлесуді бағалау үшін стационар жағдайында дәрілік препараттардың апробацияларының әртүрлі формаларын жүргізу.
2. Жаңа медикаменттерді құру және қолдануға бақылау және тіркеу жүргізуде ҚР ДС фармакологиялық және фармакопеялық комитеттердің орны.
3. Фармакопеялық мақала, уақытша фармакопеялық мақала, препараттарға нормативті – техни-калық құжат.
4. Клиника алды, арнайы фармакологиялық белсенділік, токси-кология, канцерогендік, мутагендік, аллергендік.
5. Қиыстырылған фармакотерапияның мәселелері.
6. Фармацевтінің ақпараттық және кеңестік қызметі.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету

**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы

**6. Тапсыру мерзімі:** 1-апта.

**7. Әдебиет:** қосымша - 1

**8. Бақылау.**

1- тапсырма. Дәрілік заттардың әсер ету түрлері.

| Дәрілік заттар | Қолдану көрсеткіштері | Әсер ету түрлері | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жергілікті | резорбтивті | рефлекторлы |
| Преднизолон жағар майы | Дерматит | | | |
| Сульфацил натрий тамшылары | Конъюнктивит | | | |
| Аммиак ерітіндісі | Естен тану | | | |
| Ащы тұндырма | Тәбеттің төмендеуі | | | |
| Аспирин таблеткалары | Бас ауру | | | |
| Валидол таблеткалары | Стенокардия | | | |
| Дигоксин суппозиториилері | Жүрек жетімсіздігі | | | |

Ескерту: Кестені толтырғанда «+» белгісін пайдаланыңыз.

**2-тапсырма .** Дұрыс жауаптарын таңдаңыз:

**1**.Фармакодинамика түсінігіне жатады:

1. Әсерінің механизмі 2. әсерінің түрлері 3. дәрілердің биотрансформациясы 4. әсерінің локализациясы 5. фармакологиялық эффектілер

**2**. Дәрілік заттарды қайталап қолданғанда болуы мүмкін:
1. Антагонизм 2. Үйренгіштік 3.Кумуляция 4. Тахифилаксия 5. Дәріге тәуелділік

**3**.Дәрілерді қиыстырып қолданғанда болуы мүмкін:
1. Аддитивтік әсер 2. Антагонизм 3. Үйренгіштік 4. Потенцирлеу.

**4**. Фармакокинетикалық және (А) фармакодинамикалық әсерлесу (Б):
а. фармакологиялық эффекттің үдеуі;
б. фармакологиялық эффекттің әлсіреуі;
в. кері әсерлердің дамуы ;
г. кері әсерлерді алдын-алу;
д. дәрілік заттардың әсер ету механизмі;
е. дәрілік заттардың ингибирленген немесе потенцирленген әсер ету механизмі.

**5.** Фармакокинетикалық (А) және фармакодинамикалық (Б) әсерлесу мынадай жағдайға алып келеді:
а. физико-химиялық реакциялардың өзгеруі;
б. қан сарысуындағы ақуыз құрамының көбеюі;
в. рецепторларға сезімталдықтың өзгеруі;
г. дәрілік заттардың биотрансформациясы;
д. бауыр және бүйрек қызметінің төмендеуі;
е. қанның формалық элементтерімен байланысуының бұзылуы;
ж. гематоэнцефалды барьерден (ГЭБ) өту жылдамдығы мен дәрежесінің өзгеруі;
з. дәрілік заттардың шығарылуы мен өзгеруі, белокпен байланысуының өзгеруі;
к. ұлпалардың сезімталдығының өзгеруі.

**6.**Дәрілердің комбинациясын көрсетіңіз. Белокпен байланысуы конкуренциясының нәтижесінде қан сарысуындағы бос фракциялардың біреуінің концентрациясының жоғарлауы.
а. Строфантин және мисклерон.
б. Дигитоксин және мисклерон.
в. Неодикумарин және бутадиен.
г. Нифедепин және гидрохлортиазид.

**7.** Хинидина мен дигоксиннің комбинациясында көп жағдайда гликозидті интоксикация болатыны белгілі. Ол немен байланысты?
А. Фармакодинамикалық әсерлесу:
а. синергизм;
б. дигоксиннің потенцирленген әсері;
в. хинидиннің аддитивті әсері.
Б. Хинидиннің фармакокинетикалық әсерлесуі:
а. сіңірілуі;
б. таралуы;
в. биотрансформациясы;
г. ақуызбен байланысу;
д. бүйрекпен шығарылу.

**8.** Төмендегі берілген дәрілік (а-ж) заттардың қандай әсерлесу механизмі (А-Б) комбинациясы тетрациклиннің үлкен тәуліктік дозасына қарамастан қан сарысуындағы антибиотиктердің концентрациясының төмендеуіне алып келуі мүмкін.
А. Сіңірудің бұзылуы.
1. Хелатты құрылымдардың түзелуі.
2. Ішек моторикасының жылдамдауы.
Б. Биотрансформацияның үдеуі;
а. Сенаде.

б. Фестал.
в. Темір препараттары.
г. Фенобарбитал.
д. Микроэлементтермен кешенді витаминді препараттар.
е. Кодеин.
ж. Ионды алмасу смолдары.

**1. Тақырыбы: №2.1**
Дәлелді медицинаның принциптері. Дәлелдердің түрлері (дәлелдеме деңгейлері). Жүйелі шолулар және метаанализ. Формулярлы жүйе. Дәрілерді таңдау әдістері. Формулярлы жүйені құрастыру принциптері. Фармацевтикалық сұрау және науқастарға кеңес беру. Емдеу мекемелерін фармацевтикалық қамтамасыз етуді жақсарту үшін фармацевтикалық экономика сұрақтары. Ақпараттық қызметті фармацевтикалық құрастыру принциптері, ақпараттық материалмен жұмыс. Клиникалық фармакология және фармакотерапия сұрақтарына медициналық мекемелер қызметкерлеріне ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар және оқытудың басқа формаларын жүргізу принциптері.
**2. Мақсаты:** Фармакодинамика, фармакокинетика, фармакогенетика, фармако-экономика туралы білімдерін ескере отырып, тиімді және қауіпсіз дәрілерді таңдау әдістеріне, дәрілердің өзара әсерлесуін, жағымсыз дәрілік реакцияларды дәлелді медицинаны қолдана отырып үйрету.
**3. Тапсырма:**
1. Дәлелді медицинаның принциптері. Дәлелдердің түрлері (дәлелдеме деңгейлері). Жүйелі шолулар және мета-анализ.
2. Формулярлы жүйе. Дәрілерді таңдау әдістері. Формулярлы жүйені құрастыру принциптері.
3. Фармацевтикалық сұрау және науқастарға кеңес беру.
4. Емдеу мекемелерін фармацевтикалық қамтамасыз ету үшін фармацевтикалық экономика.
5. Ақпаратық қызмет құрылымы, ақпараттық материалдармен жұмыс жасау.
6. Клиникалық фармокология және фармакотерапия сұрақтары бойынша медициналық мекемелер қызметкерлерін семинарлар ғылыми практикалық конференциялар жүргізу принциптеріне үйрету.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 2-апта
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Презентация.

**1. Тақырыбы: №2.2**
Фармакогенетика негіздері. Дәрілерге жеке сезімталдығының генетикалық механизм-дері. Ана-плацента-ұрық жүйесімен дәрілік заттың бір-бірімен әсерлесуінің ерекшеліктері. Жүктіліктің асқынуларын алдын-алатын фармакотерапевтикалық дәрілер. Ерте және кеш токсикоздардың терапиясы. Туу кезіндегі фармакотерапия. Туудағы ұрықтың гипоксиясы.
**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3. Тапсырма:**
1. Фармакогенетика негіздері.
2. Дәрілерге жеке сезімталдық.
3. Ана плацента ұрық жүйесімен дәрілік заттың әсерлесуі.
4. Жүктіліктің асқынуларын алдын алатын фармакотерапия.
5. Ерте және кеш токсикоздардың терапиясы
6. Туу кезіндегі фармакотерапия.

**4. Орындау/бағалау түрі:** Хаттамалар толтыру, презентазия, реферат ДОТ кезінде Zoom. Platonus. Webex.Whatsapp платформалар арқылы offline немесе online режимінде жұмыс жасау
**5. БӨЖ-ді орындау және бағалау критерийлері.**
**6. Тапсыру мерзімі:** 2- апта.
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** тест тапсырмаларын шешу.

**1. Тақырыбы: №3.1**
Клиникалық фармакологияның жас ерекшелігі аспектілері (ұрығы, туылу мерзімі, балалар, қарт адамдар). Жүкті әйелдер мен емізулі әйелдерде қолданатын дәрілердің клиникалық фармакологиясының ерекшеліктері.
**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуі, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3. Тапсырма.**
1. Нәрестелерде,балаларда клиникалық фармакологияның жас ерекшелігі
2. Қарт адамдарда клиникалық фармакология ерекшеліктері
3. Жүкті әйелдерде клиникалық фармакологияның ерекшеліктері
4. Емізулі әйелдерде клиникалық фармакологияның ерекшеліктері

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 3-апта
**7.Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Презентация.
**1-есеп.** Ішек дисбактериозы тұсында пайда болған стафилакокктық энтероколиті бар 5 жастағы балада үлкен дәреттің жиілеуі, тұрақсыз лихорадка және аздаған интоксикация байқалады. Дәрігер қажетті тексерулерді жүргізіп, емдеу жоспарын құрды. Дегенмен, антибиотикотерапия жүргізгенде аугментинге аллергиялық реакция байқалды.
Сұраққа жауап беріңіз және тапсырманы орындаңыз:
1.Осы жағдайда қолданылатын диагностикалаудың барлық әдістерін атаңыз.
2.Емдеу жоспарын суреттеңіз.
3.Антибиотиотерапияны әрі қарай жалғастырудың тактикасын көрсетіңіз.
4.Сіз таңдап алған эубиотиктің мөлшерлену режимін, емдік курсын көрсетіңіз, рецепт жазыңыз.
**2-есеп.** Баланың жасы 10 ай,ОРВИ тұсында гипертермиялық синдром байқалады, дене температурасы $38{,}9^{0}$С, терісі аздап қызарған, денесі ыстық, ылғалды, аяқ- қолдары жылы, тамыр соғысының жиілігі және тынысы дене температурасының жоғарылауына сәйкес.
Сұраққа жауап беріңіз және тапсырманы орындаңыз:
1. Гипертермиялық синдромның түрін анықтаңыз. Бұл жағдайда препаратты атаңыз.
2. Балалардағы лихорадка жағдайында жасалынатын жалпы терапевтикалық шараларды көрсетіңіз.
3. Лихорадкалық реакцияда асқынулар болуы мүмкіндігі жоғары топтарды атаңыз.
4. Ибупрофеннің мөлшері мен қабылдау тәртібі.
5. Рецепт- парацетамол.

**3-есеп**.Амбулаторлық емдеуде жүйелі қызыл жегі диагнозымен 12 жасар қыз бала дәрігерлік байқауда тұрады. Жегілік полиартрит 6 айдан бері байқалады. Тексергенде өкпесінің сірлік (серозный) плеврит типтес зақымданғаны анықталды. Науқас осы уақыт бойына БСҚҚД емделген.
Сұраққа жауап беріңіз және тапсырманы орындаңыз:
1. Осы берілген жағдайдағы фармакотерапияда жіберген дәрігердің қателігін көрсетіңіз.
2. Қажет дәрілердің тізімін анықтаңыз.

3. Фармакотерапияның асқынуларының алдын- алу шараларын атаңыз.
4. Преднизолонға рецепт жазыңыз.

**Тестілік тапсырма.**

1).Қандай препаратты туу кезінде қолданғанда нәрестенің тыныс алу орталығының тежелуіне алып келуі мүмкін:
1. Новокаинамид 2. Лидокаин 3. Дифенин 4. Амиодарон 5. Жоғарыда аталғандардың барлығы.
2). Қандай дәрілерді қарт және егде жастағы адамдарда қолданғанда тәуліктік мөлшерін азайту қажет:
1. Антингипертензивті 2. Антиангиналды 3. Жүрек гликозидтерді
4. Антикоагулянттар мен антиагреганттарды 5. Жоғарыда аталғандардың барлығы.
3). Қарт және егде жастағы адамдарда төмендегі препараттарды қолдану қажет:
1. витаминдерді 2. Темір препараттарын 3. Кальций препараттарын
4). 65 жастағы С.науқас 15 жыл бойына 1-ші типтегі қант диабетімен зардап шегеді, тәулігіне 70 ӘБ мөлшерде инсулин қабылдайды, қандағы қант деңгейін 7,5-8,6 ммоль/л деңгейінде ұстап тұрады. Соңғы уақытта артериялық қысымның 170/90-180/100 мм. сын.бағ. көтерілуі байқалған, осыған байланысты емдеуші дәрігер тәулігіне 120 мг пропранолол белгілеген. Бұл қиыстыру кезінде қандай жанама әсерлер күтуге болады? Неге? Осы науқас жөнінде сіздің ұсынысыңыз қандай?
5). 85 жастағы М. атты науқас стационарлық емдеуде, дәрілік құралдардың мөлшерін түзетіп, тиімдірек терапияны таңдап алыңыз. Дәрігердің белгілеу парағына түзету жасаңыз.
Диагноз: ЖИА, инфарктен кейінгі кардиосклероз, жедел сол қарыншалық жетіспеушілік, өкпе ісінуі (АҚ 140/110 мм.сын.бағ).
1. Sol. Strophanthini 0,05% - 1,0 ml
Физ.ерітіндіде көк тамырға тәулігіне 2 рет құюға
2. Tab. Digitoxini 0,0001
1 таб.күніне 2 рет
3. Sol. Nitroglycerini 1% - 2,0 ml
200 мл 10% глюкоза ерітіндісіне қосып, вена ішіне тамшылатып енгізуге
4.Sol. Pentamini 5%- 1,0ml
Бұлшық етке күніне 1 мл 1 рет
5. . Sol. Atenololi 0,05
1 табл. Күніне 1 рет
6.Sol. Benzohexoni 2,5% - 1.0 ml
1 мл бұлшық етке күніне 1 рет
7. Sol. Morphini hydrochloridi 1% - 1.0 ml
0,5 мл бұлшық етке 1 сағ. ішінде 2 рет
8. Tab. Dichlothiazidi 0,025
1 табл. күніне 1 рет
9. Prednisoloni hemisuccinatis 0,025 pro injectionibus in ampull.
Натрий хлоридінің изотондық 5 мм ерітіндісінде вена ішіне құюға
10. Sol. Furosemidi 1% - 2,0 ml
4 мл-ден вена ішіне құюға.

**1. Тақырыбы: №3.2**

Симптомдар мен синдромдар жөнінде түсінік. Ішкі мүшелер ауруларын диагностикалау ұстанымдары. Ауру жағдайының ауырлығымен және ауру дамуының патогенетикалық механизмімен аурулардың клиникалық байқалуларының байланысы. Науқастың терминалды жағдайының симптомдары. Жедел және созылмалы симптомдар. Жүрек қан-тамырлар ауруларының бронх-өкпе жүйе, ішек–қарын

трактысы, гепатобилиар-лы зона ауруларының, дәнекер ұлпалары, бүйрек, эндокринді ауруларының, невроздардың, депрессиялардың, анемиялардың симптомдары мен синдромдары.
Қорытынды сабақ «Клиникалық фармакологияның жалпы мәселелері»
**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде қолданылатын дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3. Тапсырма.**
1. Симптомдармен синдромдар жөнінде түсінік.
2. Ішкі мүшелер ауруларын диагностикалау принциптері. Ауру жағдайының ауырлығымен және ауру дамуының патогенетикалық механизмімен аурулардың клиникалық байқалуларының байланысы. Науқастың терминальды жағдайының симптомдары.
3. Жедел және созылмалы симптомдар.
4. Жүрек-тамыр ауруларының бронх-өкпе жүйе, ішек–қарын трактысы, гепатобилиарлы зона ауруларының, дәнекер ұлпалары, бүйрек, эндокринді ауруларының, невроздардың, депрессиялардың, анемиялардың симптомдарымен синдромдары.
**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері:** бағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 3-апта
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Тест есептерді шешу.

**Тақырыбы: №4**
Неврологияда қолданатын дәрілерді таңдауда клиникалық-фармакологиялық жолдың негізгі принциптері (тырысуға қарсы, ұйықтататын, паркинсонға қарсы дәрілер). Миорелаксанттардың клиникалық фармакологиясы.
Невралгия, невриттер, миастения шеткерлік жүйкелердің зақымданулары. Бұл аурулардың фармакотерапиясы. Менингиттер, полиомиелит, энцефалиттер, менингоэнцефалиттер секілді орталық жүйке ауруларының қабынған аурулары. Олардың фармакотерапиясының принциптері.
**2. Мақсаты:** Неврологияда қолданатын дәрілердің игерілетін тобының қасиеттерін игеру. Игерілетін дәрілердің әсер ету спектрін, қолдану көрсеткіштерін, қолдануға қарсы көрсеткіштерін, жанама эффектілерін білу керек.
**3. Тапсырма:**
1. Тырысуға қарсы, ұйықтататын, паркинсон ауруына қарсы дәрілердің клиникалық фармакологиясы.
2. Невралгия, невриттер, миастения шеткерлік жүйкелердің зақымданулары. Бұл аурулардың фармакотерапиясы.
3. Менингиттер, полиомиелит, энцефалиттер, менингоэнцефолиттер секілді орталық жүйке ауруларының қабынған аурулары. Олардың фармакотерапиясының принциптері.
**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері:** бағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 4-апта
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Тест есептерді шешу.

**1. Тақырыбы: №5**

Критикалық жағдайлар фармакотерапиясында дәрілерді таңдауда клиникалық-фармакологиялық жолдың принциптері. Ми-қан айналым бұзылыстары. Ми-қан ағымының ауторегуляциялары. Ми-қан айналымының жедел және созылмалы бұзылыстары. Ми-қан айналым бұзылыстарын емдеудің негізгі принциптері. Ми-қан айналымын жақсартатын дәрілер. Мигрень фармакотерапиясы.

**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.

**3.Тапсырма:**

1. Ми-қан айналым бұзылыстары. Ми қан ағымының ауторегуляциялары.
2. Ми қан айналымының жедел және созылмалы бұзылыстары.
3. Ми қан айналым бұзылыстарын емдеудің негізгі принциптері. Ми қан айналымын жақсартататын дәрілер.
4. Мигрень фармакотерапиясы.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету

**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы

**6. Тапсыру мерзімі:** 5-апта

**7. Әдебиет:** қосымша - 1

**8. Бақылау.** Презентация.

**1. Тақырыбы: №6**

Жүйелі аутоиммунды қабыну ауруларының фармакотерапиясының принциптері. Қабынуға қарсы иммунодепрессивті дәрілер мен иммуномодуляторлардың клиникалық фармакологиясы.
Ұзақ әсерлі қабынуға қарсы дәрілердің (алтын, хинолон препарат-тарының, комплексондардың) клиникалық фармакологиясы. Құрылымды–модифирлеуші препараттардың (хондропротекторлар) клиникалық фармакологиясы.

**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.

**3. Тапсырма:**

1. Жүйелі аутоиммунды қабыну ауруларының фармакотерапиясы
2. Қабынуға қарсы иммунодепрессивті дәрілер мен иммуномодуляторлардың клиникалық фармакологиясы.
3.Ұзақ әсерлі қабынуға қарсы дәрілердің (алтын, хинолон препараттарының, комплексондардың) клиникалық фармакологиясы.
4.Құрылымды–миодифирлеуші препараттардың (хондропротекторлер) клиникалық фармакологиясы.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету

**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы

**6. Тапсыру мерзімі:** 6-апта

**7. Әдебиет:** қосымша - 1

**8. Бақылау.** Презентация.

1. **Тақырыбы: №7**
   Аралық бақылау №1
   **Тапсыру мерзімі:** 7-апта

**1. Тақырыбы: №8**

Сепсис кезіндегі негізгі симптомдар мен синдромдар. Диагностикалау әдістері. Сепсиспен септикалық жағдайлар фармакотерапиясының клиникалық-фармакологиялық принциптері. Инфекциялық

skma.edu.kz

аурулардың және инвазиялардың, тері, венерологиялық аурулардың, ЛОР-мүшелер, көз ауруларының фармакотерапиясы.
**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3. Тапсырма:**1.Сепсис кезіндегі симптомдар мен синдромдар.
2. Инфекциялық аурулардың және инвазиялардың фармакотерапиясы.
3.Тері, венерологиялық аурулардың фармакотерапиясы.
4.ЛОР-мүшелер, көз ауруларының фармакотерапиясы.
**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы
**6.Тапсыру мерзімі:** 8-апта
**7.Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Презентация.

**1. Тақырыбы: №9**
Туберкулез. Тыныс алу мүшелері туберкулезінің клиникалық формалары. Туберкулездің асқынулары. Туберкулезді емдеу принциптері. Химиотерапиясы. Туберкулезге қарсы препараттардың клиникалық фармакологиясы.
Қорытынды сабақ «Клиникалық фармакологияның жеке сұрақтары»
**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3. Тапсырма:**
1. Туберкулез. Тыныс алу мүшелері туберкулезінің клиникалық формалары.
2. Туберкулездің асқынулары. Туберкулезді емдеу принциптері. Химиотерапиясы.
3. Туберкулезге қарсы препараттардың клиникалық фармакологиясы.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 9-апта
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Презентация.

**1.Тақырыбы: №10**
Қан айналымының жетімсіздігі, фармакотерапия принциптері, кардиотоникалық дәрілер. Аритмия кезіндегі негізгі симптомдар мен синдромдар. Диагностикалау әдістері. Аритмия фармакотерапиясының клинико-фармакологиялық принциптері.
**2.Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3.Тапсырма:** 1.Қан айналымының жетімсіздігі, фармакотерапиясы.
2.Кардиотоникалық дәрілер 3.Аритмия,белгілері,диагностикасы,фармакотерапиясы.
**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 10-апта
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.**
**Ситуациялық есеп.**

58 жастағы науқас әйел стационарлық емдеуде – ЖИА, нфарктен кейінгі кардиосклероз және жыпылықтаушы аритмия, созылмалы қан айналымы жетімсіздігі диагнозымен жатыр. Дигоксинді 0,5 мг/тәулігіне, гипотиазидті 100 мг/тәулігіне қабылдауға белгіленген. Емдеудің 7-ші күнінде жағдайының аздап жақсаруы тұсында лоқсу, құсу, диарея, ұйқысыздық байқалды. ЖЖЖ және тамыр соғуы минутына 54 рет. АҚ -120/70 мм.сын.бағ. Қандағы креатинин мөлшері 80 мкмоль/л, қан сарысуындағы калий 3,7 ммоль/л, натрий-102 ммоль/л, ЭКГ- жыпылықтаушы аритмия ST $V_{46}$ сигментінің депресиясы, тригеминия типі бойынша қарыншалық экстрасистолия.
А. Дәрігер гликозидтік уыттану өрістегенін болжап, емдеудің тактикасын төмендегідей өзгертуді ұйғарды:
1. дигоксиннің мөлшерін азайту және верошпирон қосу
2. дигоксинді емдеуден алып тастау
3. унитиол белгілеу
4. күоре тамырға панангин енгізу.
5. 10 % кальций хлоридін енгізу.
6. күре тамырға лидокаин енгізу.

Жүргізілген шаралардың тұсында 3 күн өткеннен кейін гликозидтік уыттану белгілері жойылды, қанның электролиттік құрамы қалыпқа түсті; ЖЖЖ минутына 80 рет, соғуы жеткілікті, экстрасистолия жойылды. УДЗ (УЗИ) - жүрек қуысының күрт ұлғаюын көрсетті.
Б. Төмендегі дәрілердің ішінен науқасты қосымша емдеуге арналған дәрілерді таңдап алыңыз:
1. фуросемид- гипотиазид
2. верашпирон
3. гипотиазид+панангин
4. жүрек гликозидтері+фуросемид
5. шеткерлік вазодилаторлар+фуросемид
6. күре тамырға строфантин

**1. Тақырыбы: №11**
Атеросклероз: Липидті алмасуды коррекциялауға бағытталған қазіргі дәрілер. Гиполипидемиялық дәрілердің салыстырмалы тиімділігі. Атеросклерозға қарсы терапияны адекватты түрде белгілеуге мүмкіндік беретін биохимиялық және клиникалық-аспапты зерттеу әдістері. Гиперлипиемия типтері. Гиперлипидемия типіне байланысты гиполипидемиялық дәрілерді таңдау ерекшеліктері: емдеудің эфферентті және сорбциялық әдістері.
**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3.Тапсырмалар**
1. Атеросклероз: Липидті алмасуды коррекциялауға бағытталған қазіргі дәрілер.
2. Гиполипидемиялық дәрілердің салыстырмалы тиімділігі.
3. Атеросклерозға қарсы терапияны адекватты түрде белгілеуге мүмкіндік беретін биохимиялық және клиника-аспапты зерттеу әдістері.
4. Гиперлипидемия типтері. Гиперлипидемия типіне байланысты гиполипидемиялық дәрілерді таңдау ерекшеліктері: емдеудің эфферентті және сорбциялық әдістері.
**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері: б**ағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 11-апта
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Презентация.

**1. Тақырыбы: №12**

Гепатабилиарлы жүйе аурулары фармакотерапиясының клиникалық-фармакологиялық принциптері. Ішек биоценозының бұзылыстары. Ішек микрофлорасының тепе-теңдігін қалпына әкелетін дәрілерді (пробиотиктер және эубиотиктер) таңдауда клиникалық-фармакологиялық жолдың принциптері. Метаболитті дәрілердің клиникалық фармакологиясы. Витаминдер және туыс препараттар. Ферментті препараттар және ферменттердің ингибиторлары. Аминоқышқылдар. Метаболитті дәрілер фармакотерапиясының принциптері.

**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.

**3. Тапсырма:**

1. Гепатобилиарлы жүйе аурулары фармакотерапиясы
2. Ішек биоценозының бұзылыстары.
3. Ішек микрофлорасының тепе-теңдігін қалпына әкелетін дәрілерді (пробиотиктер және эубиотиктер) таңдауда клинико-фармакологиялық жолдың ұстанымдары.
4. Витаминдер және туыс препараттар.
5. Ферменттер.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету

**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері:** **б**ағалау парағы

**6. Тапсыру мерзімі:** 12-апта

**7. Әдебиет:** қосымша - 1

**8. Бақылау.** Презентация.

**1. Тақырыбы: №13**

Анемия мен гемостаздың бұзылысы кезіндегі негізгі симптомдармен, синдромдар. Диагностикалау әдістері. Анемия мен гемостаз бұзылысы фармакотерапиясының клиникалық-фармакологиялық принциптері.

Дессиминирленген тамырішілік қан ұю синдромы; клиникалық фармакология және фармако-терапия принциптері. Парентералды қоректенуге арналған препараттармен фармакотерапия. Плазмаалмастырғыш және дезинтокси-кациялық ерітінділер. Ағзадағы қышқылды негізді жағдайды және иондық тепе-теңдікті коррекциялауға қолданатын препараттар.

**2. Мақсаты:**

- Игерілетін дәрілердің әсер ету спектрін, қолдану көрсеткіштерін, қолдануға қарсы көрсеткіштерін, жанама эффектілерін білу керек.

**3. Тапсырма**

- Анемия мен гемостаз бұзылыстарында қолданатын дәрілердің клиникалық фармакологиясы.
- Диссемирленген тамырішілік қан ұю синдромы,фармакотерапиясы.
- Парентералды қоректенуге арналған препараттар фармакотерапиясы.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету

**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері:** **б**ағалау парағы

**6. Тапсыру мерзімі:** 13-апта

**7. Әдебиет:** қосымша - 1

**8. Бақылау.**

1. Темір жетіспеушілік және пернициозды анемияға ұқсас симптомдарды таңдаңыз:

| Симптомдар | Теміржетіспеушілік анемия | Пернициозды анемия |
|---|---|---|
| 1. Демікпе<br>2. Құлақтың шуылдауы<br>3. Жүректің соғуы<br>4. Түс көрсеткішінің жоғарылауы<br>5. Лейкоциттер санының төмендеуі | | |

| | | |
|---|---|---|
| 6. Эритроциттер санының төмендеуі<br>7. Түс көрсеткішінің төмендеуі.<br>8. Тырнақтың сынғыштығы<br>9. Шаштың түсуі<br>10. Дәмнің бұзылуы<br>11. Қызыл, «жылтыр» тіл.<br>12. Бұлшық ет атрофиясы<br>13. Полиневрит<br>14. Қанда эритроциттердің патологиялық түрлері. | | |

2. Диагноз: Жүктілік 28 апта. Темір жетіспеушілік анемия (гемоглобин 84 г\л эр-3,0х$10^{12}$
Түс көрсеткіші 0,82)
1. Бір топтағы қанның алмастырылуы
200 мл к\т тамшылатып
2. Rheopolyglucini 400 ml
к\т тамшылатып 2 күнде 1 рет
3. Dragee Ferroplex
1 дражеден күніне 3 рет
4. Sol. Acidi ascorbinici 5% -1 ml
1 мл-ден б\е күніне 2 рет
5. Tab Acidi folici 0,001
1 таб күніне 2 рет
6. Sol.. Cyanocobalamini 0,05% -1,0 ml
1,0 мл-ден б\е күніне 3 рет
7. Sol.. Coffeini natrii benzoatis 10% -1 ml
1 мл б\е күніне 2 рет
8. Ferrum-Lec 2 ml
2 мл-ден б\е күніне 1 рет
9. Tab. Calcii gluconatis 0,5
1 таб күніне 2 рет
10. Tab. Neroboli 0,005
1 таб күніне 2 рет
Тапсырма № 1
Аяқтардың көк тамырларының тромбофлебиті бойынша, науқасқа неодикумарин және бутадион орташа терапевтикалық дозада белгіленді. Бір апта өткен соң қабыну ауруымен байланысты ол өз бетімен тетрациклин гидрохлоридін қабылдай бастады. Үш тәулік өткен соң несепте қанның пайда болғанын байқады. Бұл жағдайды түсіндіріңіз. Сіздің ұсынысыңыз қандай?

**1. Тақырыбы: №14**
АИВ және АИВ – ассоциирленген аурулар: диагностикалау мәселелері және алдын-алу және фармако-терапиялық негізгі принциптері.
Қорытынды сабақ: «Клиникалық фармакологияның жеке сұрақтары»
**2. Мақсаты:** Фармакологиялық қасиеттері мен әсер ету механизмінің білімдерінің негізінде дәрілердің әсер етуін, қолдану мүмкіндігін бағалай білу.
**3. Тапсырма:**
1. АИВ және АИВ – ассоциирленген аурулар.
2. Диагностикалау мәселелері және алдын-алу, фармакотерапиялық негізгі ұстанымдары.

**4. Орындау/бағалау түрі:** презентация қорғау, тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету
**5. БӨЖ-ді орындау критерийлері:** бағалау парағы
**6. Тапсыру мерзімі:** 14-апта
**7. Әдебиет:** қосымша - 1
**8. Бақылау.** Презентация.
**1. Тақырыбы: №15**
Аралық бақылау №2
**Тапсыру мерзімі:** 15-апта

**Бағалау парағы**

| Бақылау түрі | Бағалау критерийлері | Баллдар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Тақырып бойынша ғылыми мақалалардың мазмұнын талдау және нәтижелерін көрсету | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | **1.Мақалаларды таңдау және өзектілігі (10 балл)** | | | | | |
| | А) Халықаралық ғылыми мақалалар базасында рецензияланатын кемінде 2 өзекті мақала жеке таңдалды | | | | | |
| | Б) Мақалалар соңғы 5 жылда жарияланды | | | | | |
| | **2.Талдау тереңдігі (20 балл)** | | | | | |
| | А) Әр мақаланың мақсаты мен гипотезасы нақты анықталған | | | | | |
| | Б) Зерттеу әдістері мұқият талданды | | | | | |
| | В) Негізгі нәтижелер мен тұжырымдар бөлектелген және дұрыс түсіндірілген | | | | | |
| | Г) Нәтижелердің практикалық маңыздылығы және болашақ зерттеулер | | | | | |
| | **3. Мақалаларды салыстыру (20 ұпай)** | | | | | |
| | А )Мақсаттар мен гипотезаларға салыстырмалы талдау жүргізілді | | | | | |
| | Б) Зерттеу әдістеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар | | | | | |
| | В) Нәтижелер мен қорытындылар барабар салыстырылады, жалпы және қарама-қайшы деректер анықталды | | | | | |
| | Г) Нәтижелердің білім саласына әсерін бағалау | | | | | |
| | **4.Талдау нәтижелерін презентация түрінде көрсету (10 балл)** | | | | | |
| | А) Презентацияның логикалық және айқын құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) | | | | | |
| | Б) Әр мақаланың қысқаша шолуы және салыстырмалы талдауы бар слайдтардың болуы | | | | | |
| | **5.Слайд сапасы (20 ұпай)** | | | | | |
| | А) Слайдтардың ақпараттылығы мен анықтығы | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Б) Деректерді визуализациялау үшін графиктер мен кестелерді пайдалану | | | | | |
| | В) Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелерді дұрыс рәсімдеу, орфографиялық және грамматикалық қателердің болмауы | | | | | |
| | Г) Презентация жасау үшін заманауи ақпараттық бағдарламалық ресурстарды пайдалану | | | | | |
| | **6.Сөйлеуге дайындық (10 балл)** | | | | | |
| | А) Ғылыми және кәсіби терминологияны қолдана отырып стилистикалық сауатты сөйлеу | | | | | |
| | Б) Аудиторияның сұрақтарына жауап беруге дайын болу | | | | | |
| | **7.Ұсыну сапасы (10 балл)** | | | | | |
| | А) Уақыт ережесін сақтау | | | | | |
| | Б) Материалдың нақтылығы мен айқындығы, аудиториямен байланыс | | | | | |
| | **Барлық критерийлер бойынша жиыны:** | | | | | |

Қосымша - 1

**Әдебиет:**

**Негізгі әдебиеттер:**

1. Калиева, Ш. С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия. Том 1: учебник / Ш. С. Калиева., Н. А. Минакова . - Алматы : Эверо, 2016.
2. Калиева, Ш. С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия. Том 2: учебник / Ш. С. Калиева, Н. А. Симохина. - Алматы :Эверо, 2016.
3. Орманов, Н. Ж. Фармакотерапия. 1-кітап :оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. – Шымкент : ЮКГФА, 2012.
4. Орманов, Н. Ж. Фармакотерапия. ІІ-кітап: оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Шымкент : ОҚМФА, 2012.

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Дәнекер ұлпалар ауруларының фармакотерапиясы: оқулық / З. А. Керимбаева [ж.б.]. - Алматы : Эверо, 2016.
2. Орманов, Н. Ж. Фармакотерапия в кардиологии [Текст] : учеб.-методическое пособие / Н. Ж. Орманов, М. К. Егизбаев, Л. Н. Орманова. - Шымкент : ЮКГФА, 2012.
3. Кардиологиялық фармакотерапия: оқулық / Н. Ж. Орманов [ж/б] ;ҚРденсаулықсақтаужәнеәлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. - Шымкент : ОҚМФА, 2015.
4. Асқорыту ағзалары ауруларының фармакотерапиясы.: оқу құралы/ Н.Ж. Орманов, Г.Ж. Садырханова. 2013.
5. Тыныс алу жолдары ағзалары ауруларының фармакотерапиясы.: оқу құралы/ Н.Ж. Орманов. 2013.

**Электронды басылымдар:**

1. Асқорыту ағзалары ауруларының фармакотерапиясы. [Электронный ресурс]: Оқулық/ Керимбаева З. А., Орманов Н.Ж., Джакипбекова З.К., Орманов Т.Н. Шымкент, 2018ж.

2. Клиническая фармакология [Электронный ресурс] : учебник / под ред. В. Г. Кукеса, А. К. Стародубцева. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон.текстовые дан. (41,8 Мб). - М. : Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2012. - 840 с. эл. опт.диск (CD-ROM) : ил
3. Стикеева Р.К. Фармакология с основами фармакотерапии. 2014 https://aknurpress.kz/reader/web/1382
4. Abushakhmanova A. Essentials of pharmacotherapy of internal diseases». Training Manual. 2017. https://aknurpress.kz/reader/web/1830
5. Фармакотерапия сызба мен кестеде. Тыныс алу жүйесінің фармакотерапиясы : Окулық. / З.А. Керимбаева, Н.Ж. Орманов, Л.Н. Орманова; ҚР денсаулық сақтау министрлігі, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы. - Шымкент: ОҚМФА, 2017. http://rmebrk.kz/book/1171407
6. Орманов Н..Ж., Фармакотерапия (дәрілермен науқастарды емдеу) клиникалық фармакология. Том-1 - Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/3134/
7. Орманов Н..Ж., Фармакотерапия (дәрілермен науқастарды емдеу) клиникалық фармакология. Том-2 - Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/3135/
8. Калиева Ш.С., Минакова Н.А.. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия. Том 1 – Учебник. – Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/835/
9. Калиева Ш.С., Симохина Н.А. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия / Том 2 – Учебник / Калиева Ш.С., Симохина Н.А. / Алматы: издательство: «Эверо», 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/836/
10. Калиева Ш.С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия в ревматологии: учебник. Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/6463/
11. Калиева Ш.С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия в гастроэнтерологии: учебник. Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/6462/